

Келісілді

«Мұғалжар ауданының
білім бөлімі» ММ
әдістемелік кабинет әдіскері
Г.Қ.Нұрмағанбетова

« 8 » *сәуір* 2025ж



«Бекітемін»
«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
МҚКК менеджері:
Ж.А. Курманова

2025ж



**«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
«Құлагер» мектепалды даярлық тобы**

**2025-2026 оқу жылына арналған вариативтік компонент:
«Қиял әлемі»**

Аябергенова А.Т.
Оразова М.Н.

Қандыағаш қаласы

“Күншуақ” бөбекжай -бақшасы” МКҚК

№ 14 “Құлагер” мектепалды даярлық тобының тәрбиешілері

А.Т.Аябергенова мен М.Н.Оразованың

“Қиял әлемі” атты вариативтік компонентіне

Пікір

«Қиял әлемі» атты вариативтік компонент бағдарламасының негізгі мақсаты – балалардың ақыл-ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, пәнге деген қызығушылығын арттыру арқылы білімдерін қалыптастыру. Бағдарлама мазмұнында 10 көлеміндегі сандар, қарапайым арифметикалық амалдар, логикалық тапсырмалар, түрлі танымдық ойындар қамтылған. Ұсынылған тапсырмалар балалардың жас ерекшелігі мен жеке қабілетіне сай құрастырылған.

Берілген тапсырмалар:

- Балалардың математикалық түсініктерін бекітуге, ойлау қабілетін арттыруға көмектеседі.
- Логикалық ойлауды, есте сақтауды, зейінділікті дамытуға ықпал етеді.
- Шыдамдылықты, табандылықты және еңбекқорлықты қалыптастыруға тәрбиелейді.

Сонымен қатар, бағдарламада шығармашылық элементтер, ойын әдістері мен практикалық тапсырмалар енгізілгендіктен, балалардың қызығушылығы артып, оқу процесіне белсенді араласуына мүмкіндік береді. Жалпы «Қиял әлемі» бағдарламасы мектепке дейінгі жастағы балалардың ойлау қабілетін дамытып, оқу әрекетіне деген оң көзқарасын қалыптастыруда тиімді құрал болып табылады.

Түсінік хат

Мектеп жасына дейінгі балалар білуге тиісті қарапайым білім негіздерін неғұрлым тереңірек меңгерте отырып, олардың ой-өрісін, білім дағдысы деңгейін кеңейту, сана-сезім, таным, қабылдау әркетін дамыту, білімге қызығушылыққа баулып, баланың өздігінен еңбектену белсенділігін қалыптастыру қажет.

«Қиял әлемі» арқылы айналадағы қоршаған ортамен таныстыра отырып, балалардың логикалық қабілеттерін, ой-өрісін дамыту. Ойынның шарттары қарапайымнан күрделіге, жеңілден ауырға бірте-бірте ауыстыру ұстанымдарын басшылыққа алады. "Қиял әлемі» вариативтік компонент мектепке дейінгі (5 жас) жастағы балаларға ҚР МЖМБС-ның мектепке дейінгі мекеменің оқыту мен тәрбиелеу бағдарламаларының талаптарына сәйкес вариативтік бөлімде тәрбиеленушілердің танымдық талғамдарын ой-өрісін арттыруға бағытталған көмекші құрал.

Ұсынылып отырған вариативтік компонент 5 жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудың міндеттерін жүзеге асырады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында балалар заттар мен құбылыстардың мәнді белгілерін айқындайды, қатынас, жүйелеу, салыстыру, талдау жайлы түсініктерді меңгертеді. Бағдарламадағы ойындар мен тапсырмалар, пішіндерді құрастыруға, талдауға, жинақтауға, әсемдікті түсінуге, салыстыруға, үйлестіруге, есте сақтауға көп көмегін тигізеді. Негізгі оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, бұл бағдарлама балалардың математика негіздерінен алған білім, білік, дағдыларын, танымдық қабілеттерін және ойын - жаттығуларға деген қызығушылықтарын арттырады. Тереңдетілген бағытта алынған бағдарлама құрылымында жұмбақтар, санамақтар, логикалық тапсырмалар, сөзжұмбақтар кіріктірілген. Материалдар ҰОҚ негізгі тақырыптарын жинақтап, қорытындылауды талап ететіндей, «Кім тапқыр?», «Ойнайық та, ойлайық!», «Кішкентай математиктер», «Ғажайып тапсырмалар», «Үздік логиктер» тақырыбы бойынша балалардың білімдерін тереңдетіп, кеңейтетіндей етіп іріктелген. Сондай-ақ, балалардың вариативті бөлімнен алған әсерлерін, көңілді бейнелермен рефлексия жасауға үйретеміз.

Қазіргі дамытушы ойындары арқылы әртүрлі нәрселердің ұқсастығы мен айырмашылықтарын табады, ортақ белгілеріне қарай заттарды топтарға дұрыс топтастырады, тапсырманы орындау барысында, дидактикалық ойындарды қызығушылықпен қабылдап, ойларын дәйектей алады.

Мақсаты:

Жас ерекшелігіне сай танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерген, әлемнің тұтас бейнесін түсінуге, ақпаратты күнделікті өмірлік мәселелерді шешуде қолдануға қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

- ақыл-ой әрекетінің дамуын, логикалық ойлау, салыстыру, талдау, жинақтау дағдыларын қалыптастыру, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту.;
- талдап-ойлауға, есте сақтауға, ой-өрісті дамытуға, қиыншылықтарды жеңіп шығуға дағдыландыру;
- зейінін, қиялын, танымдық процестерін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту

Күтілетін нәтиже:

- Балаларды заттардың қасиетін аша отырып мұқият тыңдауға және жеңіл тапсырмаларды шешуге;
- Балалар заттарды қасиеттеріне қарап жалпылауға (бір, екі, үш), заттардың ұқсастығын және айырмашылығын түсіндіре алады, өздерінің ойларын дәйектей алады
- Балалардың ой-өрісін кеңейтіп, есте сақтау қабілетін шыңдау, білімге деген қызығушылығын арттыру.

Курс бағдарламасының негізі: Берілген «Қиял әдемі» бағдарламасы балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға, баланы ізденімпаздыққа, ақыл-ой деңгейін қалыптастыруға бағытталған.


Құрастырған: Мектепалды даярлық тобының тәрбиешілері: А.Т.Аябергенова,
М.Н.Оразова

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР МЖМБС мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту
2. Балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы, 2012ж
3. «Игровые занимательные задачи для дошкольников».З.А.Михайлова,1990 г.
4. Психологиялық тапсырмалар мен ойын, жаттығулар. Жұмабекова Ф. 2003 ж.
5. Дидактические игры и упражнения по сенсорному воспитанию дошкольников, 1978 г.
6. Мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлау қабілеттері, 2003
7. «Бала мен балабақша» 2007 ж.
8. Ғаламтор

«Қиял әлемі» вариативтік бағдарлама

№	Сабақтың тақырыбы:	Мақсаты	Қолданатын дидактикалық материал	саны
1	«Кәне, кім тапқыр!»	Қызықты тапсырмаларды орындауға жаттықтыру. Математика негіздерінен алған білімдерін пысықтау, ой-өрісін кеңейтіп логикалық ойлауды жеделдетуге баулу.	Логикалық тапсырмалар, үлестірмелі суреттер, сызба карточкалар, санағыш таяқшалар	1
2	«Хайуанаттар бағындағы қызықтар»	Балаларға хайуанаттар бағы туралы түсінік беру, жабайы аңдар туралы білімдерін тиянақтау. Жануарлардың кейбір ерекшеліктерін салыстыра айту арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.	Жануарлардың карточкалары, логикалық тапсырма, сызба тапсырмалар,	1
3	«Кішкентай математиктер»	Балаларға жіктеу, орналастыру сияқты логикалық тапсырмаларды орындату. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру дағдыларын	Ойынға қажетті карточкалар, сандар, сызба тапсырма, логикалық тапсырма,	1

		жетілдіру.		
4	«Ойнайық та, ойлайық!»	Тапсырмалар арқылы логикалық ойлау қабілеттеін арттыру, ынтамен дұрыс орындауға үйрету, ой-өрісін кеңейту,	Сандар,үлестірмелі суреттері, сызба тапсырма, логикалық тапсырма	1
5	«Үздік логиктар»	Геометриялық пішіндерді ажырата отырып,логикалық ойлау қабілетін дамыту, қызықты тапсырмаларға деген қызығушылықтарын арттыру.	Түрлі-түсті шарлар, үлестірмелі карточкалар, сандар,сызба тапсырмалар, логикалық тапсырма	1
6	«Пішіндер сыры»	Балаларды сандардың таңбаларын танып білуге, геометриялық денелерді, олардың түстерін ойын арқылы ажырата білуін жетілдіре түсу.Тапқырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа тәрбиелеу.	Түрлі түсті пішіндер, (гүл,орамал,бантик,көзілдірік),сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Танграмм» ойыны, 	1
7	«Ғажайып тапсырмаларға саяхат»	Балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа	Логикалық тапсырмалар,жұмбақтар, сандар,үлестірмелі	1

		тәрбиелеу. Ойлау, көріп - тану, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Тапқырлыққа, ептілікке, жылдамдыққа, достыққа тәрбиелеу.	карточка, сызба тапсырма, «Танграм» ойыны,	
8	«Ғажайып тапсырма әлемі»	Танымдық қызығушылықтарын арттыру. Пішіндерден бейне құрастыруды одан әрі жалғастыру. Ізденуге ұмтылдыру, білімдерін жан - жақты дамыту, ұшқыр ойлауға баулу.	Үлгі карточкалар, сызба тапсырмалар, логикалық тапсырма, «Танграм» ойыны,	1
9	«Тапқыр болсаң, тауып көр»	Ойлай отырып, санауды үйретуді жалғастыру. Есте сақтау қабілеттерін арттыру, логикалық ойлау қабілеттерін, зейінін дамыту.	Сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Танграм» ойыны	1
10	«Логика сыры»	Санау ұғымдарын одан әрі жалғастыру. Логикалық ойлау қабілеттерін шыңдау, белсенділікке баулу.	Ойынға қажетті заттар, сандар, санағыш, сызба тапсырма, логикалық тапсырма	1
11	«Ойна да ойлан»	Балалардың есте сақтау қабілеттерін қызықты жаттығулар арқылы арттыру. Логикалық есептер	Ойынға қажетті сурет, сандар, сызба тапсырма, логикалық тапсырма, «Танграм»	1

		шығару арқылы ойлау қабілетін, ұзын-қысқа, биік-аласа ұғымдарын бекіту, байқампаздығын, қызығушылығын дамыту.	ойыны,	
12	«Ойна,ойла,жікте!»	Логикалық ойлау қабілеттерін, білім-білік дағдыларын,ойнай отырып ойлауға бағыт беру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.	ойынға қажетті суреттер,сандар, сызба тапсырма,логикалық тапсырма,	1
13	«Зейінді бол!»	Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. Балалардың зейінін шоғырландыру, ой-өрісін, танымдық белсенділіктерін арттыру. Балалардың логикалық қабілетін, қызығушылығын, белсенділігін дамыту. Жинақылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	ойынға қажетті суреттер, сикырлы қапшық сызба тапсырмалар, «Танграм» ойыны, «Игровизор»	1
14	«Жүзден жүйрік»	Сандар туралы өткенді пысықтау, ойындар арқылы ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші	Сызба карточкалар, сандар, санамақ, логикалық тапсырмалар	1

		ұғымдарын бекіту. Логикалық тапсырмаларды шешу арқылы ойлау қабілеттерін, зейінін тұрақтандыру.		
15	«Сиқырлы қораптың қызықтары»	Заттың қасиеттерін, геометрикалық фигуралар мен олардың белгілері туралы білімдерін қайталау, сандар құрамын бекіту. Саусақ қимылын, логикалық тапсырмалар арқылы ақыл-ойын, зейінін дамыту.	Сиқырлы қарындаш, логикалық тапсырмалар,	1
16	«Кішкентай тапқырлар»	Ойлау, көріп тану, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Белсенділікке шапшандыққа, кеңест ікті бағдарлай білуге баулу.	Логикалық тапсырмалар, «Танграм» ойыны	1
17	«Логиктарға тапсырма»	Балалардың логикалық тапсырмалар арқылы білімдерін бекітіп, сезімталдық, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойыншықтардың түр-түсін, пішінін, сипаттап айтып бере	Логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, «Танграм» ойыны	1

		білуге дағдыландыру.		
18	«Көңілді логиктар»	Балалардың ойлау қабілеттерін, зейінін тапсырмалар арқылы тұрақтандыру, байқампаздыққа баулу.	Сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Монгол» ойыны	1
19	« Қызықты тапсырмалар»	Балалардың заттардың белгілеріне қарай салыстыру, кеңістікте орналасу қалпын анықтау. Топтастырылған бейнені таба білуге машықтандыру.	бөлме сызбасы, асықтар, ребустар, логикалық тапсырмалар, «Монгол» ойыны	1
20	Логика сыры	Балалардың ақыл-ой қабілеттерін тапсырмалар арқылы арттыру. Логикалық тапсырмалар арқылы зейінін дамыту.	Сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, «Игровизор»	1
21	«Ұлудың көңілді тапсырмасы»	Балаларды сөзжұмбақ-тарды шеше білуге дағдыландыру, заттардың ұқсастығын ажырата білу, ойлау қабілеттерін арттыру.	Сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар, сөзжұмбақ	1
22	«Ойнап жүріп, ойлайық!»	Балалардың зейінін қызықты тапсырмалар арқылы жетілдіру, логикалық есептерді орындай білуге дағдыландыру.	Сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар,	1

23	«Ойлан тап!»	Ғажайып саяхат арқылы балалар қиялдарын шындау. Баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту. Тапқырлыққа баулу.	Сызба тапсырмалар, сандар, логикалық тапсырмалар,	1
24	«Ойнайық та, ойлайық!»	Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру. Қисынды есептерді шығара отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту, Тапқырлығын арттыру.	Сызба тапсырмалар, сандар, логикалық тапсырмалар, «Танграм», «Игровизор»,	1
25	«Тез ойла, тез ойна!»	Санамақтар арқылы сандарды айта білуге дағдыландыру. Логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.	Сызба тапсырмалар, логикалық тапсырмалар,	1
26	«Математика әлемінде»	Геометриалық денелерді ажырата білулерін қалыптастыру. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін, тапқырлықтарын дамыту. Ойын түрде білімдерін тиянақтау.	Логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар	1
27	«Кім жылдам?»	Балалардың санау дағдыларын одан әрі дамыту, уақыт жайында қарапайым,	Логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар	1

		түсініктерін бекіту.		
28	«Пысықтаушы логикалық жаттығулар»	Сан құрамын ажыратудың әр түрлі тәсілдері; ақыл-ой белсенділігін күшейту, шапшандылыққа, дәлдікке тәрбиелеу.	Логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар	1
29	«Логикалық жаттығулардың сиқыры»	Кеңістікте бағдарлай алуға, зейіндерін, қиялдарын, логикалық тапсырмалар арқылы дамытуға, белсенділік ке, тапқырлыққа үйрету.	Логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар	1
30	«Пішіндер тапсырмалары»	Пішіндер жайлы білімдерін бекіту, логикалық ойлауын, қиялдарын дамыту.	Логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар «Игровизор» ойыны,	1
31	«Тапқыр болсаң, тауып көр»	Түс пен сандар туралы білімдерін жетілдіру, логикалық есептерді шығару дағдыларын жетілдіру.	Логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар	1
32	«Қызықты математика»	Логикалық ойлау қабілеттерін, қиялдарын, қызығушылықтарын	Логикалық тапсырмалар, сандар, сызба тапсырмалар, сандар,	1

		дамыту.		
33	«Не білдім, не үйрендім?»	Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін қайталау. Есептеу дағдыларын жаттықтыру, геометриялық пішіндер және денелер туралы білімдерін бекіту. Баланың тілін, ойын танымдық қабілетін дамыту.	Логикалық тапсырмалар, сызба тапсырмалар, сандар	1
	Барлығы			33 сағат